Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін Сихаева Акгуль Мейрхановнаның «АРТ технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Қазіргі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру,Арт-технология инновациялық оқыту технологияларының бір бөлшегі бола отырып, болашақ педагогтердің шығармашылық қабілетін дамытуға,ынтымақтастық пен мамандықты меңгеруге, ықыласын арттыруға сенімді тірек болатын педагогикалық жүйе бола алады. Негізгі мәселе, болашақ бастауыш мектеп педагогтерін дайындауда арт-технологияның үздік қырларын айқындау мен оларды тиімділікпен дидактикалық процесте қолдану болып табылады.

Болашақ педагогтерді кәсіби дайындауда АРТ-технологияның көркем-эстетикалық білім беру күші студенттерге эмоциялық-бейнелілікпен әсер етіп, тұлғалық келбетінің барлық қырлары дамуына серпін береді. Заманауи болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда әрбір жас маманның қарқындап дамып жатқан технологиялар жағдайында өмір сүріп отыр. Соны ескеріп,ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың мазмұны болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау процесіне арт-технологияларды жүйелі интеграциялау арқылы олардың кәсіби дайындығын жаңа сапалық деңгейге көтеруді көздейді, бұл тақырыптың жоғары өзектілігін айқындайды және студенттердің әрбірінің өз интеллектісін, арман-тілегін іске асырудың тиімді жолын табуға деген ықылас-ынтасын қолдауға және мүмкін етуге қажетті білім беру маңыздылығын қарастырған.

2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі

Диссертант А.М.Сихаева диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- зерттеу жұмысының негізгі ұғымдары мәнінің философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан нақтылануы және сипатталуы, әдіснамалық тұғырларының түзілуінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған;

-АРТ-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық және психологиялық мүмкіндіктерін анықтаған

- болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі, динамикалық байланыстағы компоненттерден түзілген өлшемдері мен көрсеткіштері нақталанған

-болашақ бастауыш білім педагогтерін АРТ технология негізінде кәсіби даярлаудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіліп, ғылыми болжамның дұрыстығы дәлелденген және ғылыми-әдістемелік негіздегі ұсыныстар берілген.

3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы

Зерттеудің теориялық маңыздылығы зерттеу жұмысының негізгі ұғымдары мәнінің философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан нақтылануы және сипатталуы, әдіснамалық тұғырларының анықталуы және соған сәйкес ұстанымдардың реттелуі, сонымен қатар болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуымен, «АРТ технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» түсініктерінің мазмұны мен құрылымының нақтылануымен, болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктерінің анықталуымен жиынтығын құрайды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығын болашақ бастауыш білім педагогтерін АРТ технологиялары негізінде кәсіби даярлаудың құрылымдық моделі мен дайындалған

әдістемесі: студенттерге арналған «АРТ» студенттер клуб бағдарламасы мен оқу-әдістемелік құралы қамтамасыз етеді.

Дайындалған әдістемені жоғары оқу орындарындарында болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлаудағы әдістемелік пәндерді оқыту барысында, педагогтердің біліктілікті арттыру институттарында, қолдануға болады.

4. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестілігі.

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негізделген аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу барысында тақырыптың ғылыми өзектілігі айқындалып, мақсат-міндеттері мен зерттеу логикасы өзара бірізді байланыста қарастырылған. Диссертацияның мазмұны зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін жүйелі талдаумен, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді кешенді зерделеумен, сондай-ақ цифрлық білімнің трансформациялануында халықаралық және отандық тәжірибелерді салыстырмалы қарастырумен ерекшеленеді.

Жұмыстың ғылыми аппараты талапқа сай құрылған: зерттеу нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, ғылыми болжамы, жетекші идеясы және зерттеу кезеңдері өзара логикалық сабақтастықта анықталған. Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, алынған нәтижелер сандық және сапалық талдау негізінде дәлелденген. Эксперимент нәтижелерін өңдеуде математикалық-статистикалық әдістердің қолданылуы зерттеу қорытындыларының сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Зерттеу аясында дайындалған әдістемелік нұсқаулықтар мен практикалық тапсырмалар жинағы жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарында кеңінен қолданыла алады. Ұсынылған АРТ-педагогикалық әдістер болашақ бастауыш білім педагогтерінің мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін арттырып, оларды мектептегі тәжірибелік қызметке сапалы дайындауға мүмкіндік береді.

АРТ-технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мазмұны, құрылымы, педагогикалық мүмкіндіктері, моделі мен әдістемесі ғылыми тұрғыдан негізделіп, тәжірибеге енгізу мүмкіндігі көрсетілген. Ұсынылған әдістеме білім беру үдерісінде апробациядан өтіп, оның тиімділігі тәжірибелік көрсеткіштер арқылы дәлелденген. Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы және практикалық құндылығы тұрғысынан дербес орындалған, аяқталған ғылыми еңбек ретінде сипатталады. Зерттеу нәтижелері педагогика ғылымының соның бір бағыты бастауыш білім берудің дамуына үлес қосып, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнын жетілдіруге бағытталған.

Сихаева Акгуль Мейрхановнаның «8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «АРТ технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп есептеймін.

5. (PhD) философия докторы дәрежесін тағайындау мүмкіндігі туралы қорытынды

Зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттер толық жүзеге асырылған, диссертацияның ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы және практикалық құндылығы жеткілікті деңгейде дәлелденген. Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік қорытындылар педагогикалық ғылымның дамуына үлес қосып, болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлау жүйесін жетілдіруге негізделеді. Диссертациялық жұмыс көлемі, мазмұны, ғылыми нәтижелері, рәсімделуі бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстарға қойылатын нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері сенімді, ғылыми тұрғыдан негізделген және тәжірибелік қолданысқа енгізуге жарамды.

Сихаева Акгуль Мейрхановна «8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған «АРТ технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық

жұмысын тиісті мамандық бойынша құрылған Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға болады және докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Prof. Dr. Mehmet Akif SÖZER
Gazi University
Gazi Faculty of Education